

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументінің ашылу рәсіміндегі сөзінде айтқандай, «Бұл біріншіден, ашаршылықта құрбан болған миллиондардың рухына бүгінгі буыннан тағзым. Екіншіден, келер ұрпақ ата-бабаларының қандай қасіреттерді бастан өткергенін біліп жүруіне қажет тағылым» деп атап айтқан болатын. Өйткені тарихтан қажетті тәлім алу – болашақты көркейту, өркениетті елге айналу үшін қажет.

Одақтық республика болу арқылы 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткіздік. Демек біз ашаршылық құрбандарына мәңгі борыштымыз. Осыны түсініп, сол миллиондаған аруақтарға тағзым ету, Ұлттық Апаттың себеп-салдарын, ащы шындығын жан-жақты ашу, тәуелсіздік жарияланған бетте Жоғарғы Кеңес құрған арнайы комиссияның ұжымдастыру жылдары көшпенділерге геноцид жасалғаны жайындағы тұжырымын көтеру, оған тиісті тарихи, заңды, саяси бағасын беру және осы ащы шындық айтылған қазақтың қасіретті тарихы арқылы күллі қазақстандықты тәрбиелеу – парыз, ол елдің бірлігін, тұтастығын нығайта түсетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Камерон С, Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана: Новое литературное обозрение: Москва, 2020.-542 б.
2. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты/ ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ; Мемлекет тарихы институты... – Алматы: Литера М, 2012. - 336 б
3. Жүсіп С, Ашаршылық ақиқаты. – Алматы: Курсив, 2015. - 415 б.
4. Дахшлейгер Г., Нурпеисов К, История крестьянства - Алма-Ата: Наука, 1985, т. 1. - 247 б.
5. «Советская степь» газеті.-1929.-23 желтоқсан

ӘОЖ 93/94

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ДІНИ АҒАРТУШЫЛЫҚ ХАҚЫНДА (XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ)

Балчих Айтолқын Өмірбекқызы

Aitolkyn.balchikh@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 1 – курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми кеңесші – Сейтказина К.О.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның Ресей империясының құрамына отаршылдық-континенттік бірігуі нәтижесінде өлкенің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында елеулі өзгерістер орын алды. Ресей империясының оның шет аймақтарына, оның ішінде қазақ даласына қатысты интеграциялық ұмтылысының құрамдас бөлігі оқу саясаты еді. Оның негізгі міндеттері ретінде қазақ этносының ұлттық дәстүрлерінен нәр алған дамыған мұсылман мектебіне Ресей үкіметі тарапынан идеологиялық бақылауды қамтамасыз ету жатады [1, 69 б.], сондай-ақ, қазақ халқын орыстандыру саясатын белсенді түрде жүргізуі отырықшыландыру процесімен тығыз байланысты. Қазақ жеріндегі оқу-ағарту ісінің даму тарихы Қазан төңкерісіне дейінгі де, кеңестік және жаңа кезеңдегі де зерттеушілердің біршама еңбектері бар. Солардың бірсыпырасына толталайық.

Қазақтардың тарихына арналған алғашқы құнды еңбектердің бірі - А.И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты еңбегі болып табылады. А.Е. Алекторовтың ғылыми зерттеу тақырыптары жан-жақты, еңбектерінің басым бөлігі қазақ даласындағы білім берудің жай-күйі хақында. 1865 жылы қазанда Омбыда мектеп ашылды, онда Ақмола облысы қазақтарының балаларына 10 орын, Семей облысына 10 орын қарастырылған. 1881 жылы «Ақмола және Семей облыстарында мектеп бөлімін ұйымдастыру туралы Ережеге» сәйкес қазақ және орыс балаларына арналған интернат үйі болып өзгертілген. Интернат тәрбиеленушілері болашақ ұстаздық қызметке дайындалу үшін

приходтық мектептер мен мұғалімдер семинарияларында білім алуы тиіс еді [2, 159 б.]. Қазақ өлкесіндегі мемлекеттік оқу саясатына сәйкес А.Е.Алекторов шенеунік бола отырып, мектептер мен медреселерге мемлекеттік бақылау орнатуды, оларды жабу қажеттілігін жарияламай құптады. Студенттер қазақ тілінде, бірақ орыс әліпбиіне негізделіп оқытылуы керек еді. Алғашқы оқу орны 1850 жылы ашылған Орынбордағы сызбашылар мен хатшыларды дайындайтын жетіжылдық мектеп болды. 1857 жылы облыстық басқармада қазақ балаларына арналған осындай мектеп ашылып, ол ширек ғасырдан кейін приход училищелері мен уездік училищелерде оқитын қазақ және орыс оқушыларының интернатына айналды. Алайда, Дала өлкесінің орыс-жергілікті және орыс-қазақ мектептері жетіспеді. 1897 жылы мектеп жасындағы 83100 баланың 3%-ын ғана қамтыды [2].

Ш.Ш. Уәлиханов белгілі ғалым, қазақтардың орыс халқымен достығын нығайту, орыс мәдениетімен таныстыру жолындағы ағартушы тұлға. Ш.Ш. Уәлиханов «Следы шаманства у киргизов» атты еңбегінде: «Шаманство, с одной стороны, есть почитание природы вообще и в частности. Человек действует и живет под влиянием природы. В этом смысле шаманство представляет крайний материализм. С другой стороны, умирая, человек сам становится божеством - это крайний спиритуализм. Идея... замечательна особенно потому, что не имеет мифологических заблуждений и дает полный простор общественным условиям, общественным законам» [3, 8-36]. Ал қырғыздар қазір бұрынғыдан гөрі орыс ағартушылығынан, орыс бауырластықтан алшақтап кеткендігін, мұсылмандық фанатизмнің және жалпы кез келген діни фанатизмнің халықтардың әлеуметтік дамуына тигізетін зияны туралы, ары қарай таралуын артық деп санаған. Еуропада теологиялық рухтың басымдылығы халықтың ең қайғылы түрде дамуында көрінгені белгілі [4, 71-76 б.]. Ы.Алтынсарин қазақ балаларының мектептегі оқуын ұйымдастырудың орыс тілі мен бастауыш білімге негізделген бірнеше жобаларын жасады. Ы.Алтынсарин Қазақстанның қоғамдық ой тарихында орыстың зайырлы білімінің қазақтар үшін маңызын жоғары бағалаған ағартушы және ұстаз ретінде құрметті орын алды. Ол XIX ғасырдың 80-жылдары Торғай облысы Ырғыз қаласында қазақ қыздарына арналған тұңғыш мектеп ашты [5, 40 б.].

Қазіргі Қазақстан тарихын зерттеушілер жәдидшілдік XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында пайда болған исламдық феномен, діни-жаңартушылық қозғалысы ретінде жиі бағалайды. Ол мұсылман мектептерінде бірқатар зайырлы пәндер мен оқуды оқитудың жаңа әдісін енгізуге негізделген. Ғ.Сафаров өз халықтарының мәдениетін мәні бойынша жаңартқан жәдидтердің ортодоксальді ұстанымға қарсы шыққанын атап өтті. 1905-1907 жылдардағы революция кезінде олар елдің саяси құрылымын реформалауды жақтады. Айта кету керек, жәдидшілдік білім беру және реформаторлық ұмтылыстары реформалардың тек мектептегі білім беру мәселесіне ғана қатысты емес, сонымен бірге ұлттық рухани мәдениет саласына да әсер етуінен тұрады [6]. А.Беннингсен жәдидшілдіктің қалыптасуының 3 кезеңін белгілейді, бұл діни, мәдени, саяси реформизм [7]. А. Васильевтің 1896 жылы Орынборда басылып шыққан «Историческое очерк русского учения в Торгай области» атты тарихи еңбегінде ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының педагогикалық қызметі туралы алғашқы мәліметтер сақталған. Орыс білімінің қазақ даласына таралу тарихы да баяндалған [8]. М. Красовский қырғыздар халық арасында түрлі ауылдар мен болыстардың атауларын бекітетін өз шежіресіне қаншалықты берік ұстанғанымен, осы әдеттің қасында әдеттің де барын, соның салдарынан кейде бір рудың аты аталып кеткенін айтады. мүлде бөтен тұқымдасқа жалпылама атау ретінде жапсырылған. Осыдан жинақталған ақпараттың барлық анық еместігі. Бүгінгі күні ғалымдар қазақ руларының нақты санын да білмейді. Онда Солтүстік-Шығыс Қазақстан қазақтарының өмірінен толық тарихи-статистикалық, географиялық және этнографиялық мәліметтер берілген [9].

Өз заманының ұлағатты ағартушылары Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Абай Құнанбайұлы болды. Шәкәрім бірнеше шығыс тілдерін білген, Ыстамбұл, Париж кітапханалары мен мұрағаттарында жұмыс істеген. Оның ғылыми қызығушылығының шеңбері тарих, философия, музыка, әдебиет, дін мәселелерін қамтыды. Ш.Құдайбердіұлының тарихи көзқарастары 1911 жылы жарық көрген «Түрік, қырғыз - қазақ хәм хандар шежіресі»

атты кітапта барынша толық көрініс тапты. Кітапта Орта жүз рулары, хандар әулеті, Азиядағы түркі халықтары туралы негізгі мәліметтер жүйеленген [10]. XX ғасырдың 20-30 жылдарында ғалым С. Асфендияров қазақ халқының мәдени өмірін зерттей отырып, патша үкіметінің оқу-ағарту жүйесін сынға алды. С. Асфендияров патша үкіметі жаңа әкімшілік құрылым орнатумен бірге шоқындыру мен ағартушылықты таратқандығын, қазақтарды орыстандыру саясатын ерекше құлшыныспен жүргізгендігін жазған. Және де патша үкіметі өзіне дайын кадрларды тәрбиелеу мақсатында орыс-қазақ мектептерін ашты [11, 221 б.]. Осы еңбегі үшін С.Асфендияров қуғынға ұшырады. Сондай-ақ, Ақмола облысының дін қайраткерлері, Алаш зиялылары патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы табанды күрес жүргізіп, халықты имандылыққа, ізгілікке шақырды, мұсылмандық ілім мен халықтың рухани мәдениетін нығайтуға зор үлес қосты.

Қазіргі уақытта исламмен байланысты мәселелер кең көлемдегі әдебиеттерде қамтылған. XVI ғасырдағы тарихшы Сейфи Челеби Орта Азия халықтары туралы «Хроника» атты еңбегінде қазақтардың Имам Изамды (Әбу Ханифаны) ұстанатынын атап көрсеткен [12, 96 б.]. Белгілі этнолог В.Н. Басилов еске алуға арналған Халықаралық конференция жинағының материалдарында Орталық Еуразия халықтарының діни өмірі туралы баяндалған [13]. «Ислам және халық мәдениеті» мақалалар жинағында ислам мен этникалық мәдениеттің өзара әрекеттесу, өзара ықпал ету формаларына қатысты мәселелердің кең ауқымы қамтылған [14]. Кеңестік дәуірге дейінгі Қазақстандағы діни мекемелерге арналған елеулі еңбектердің бірі Н.Сәбитовтің зерттеулері болып табылады [15]. Т.Тәжібаевтың кітабында мешіттер мен мұсылмандық оқу орындары туралы мол деректі материалдар жинақталып, жүйеленіп, талданған [16]. Кеңестік кезеңдегі қазақтардың мешіттері мен ислам дінін ұстанатын қызметшілерінің рөлі мен маңызын И.Самигулин мұрағат материалдарында анықтап көрсеткен [17]. Мешіттің халық клубы ретіндегі сипаттамасын А.Мец «Мұсылмандық ренессанс» атты зерттеуінде келтіреді [18, 314]. «Ислам және қазақтардың исламға дейінгі дүниетанымдық дәстүрлерінің жәдігерлері» атты кітапта далалық этнографиялық материалдарға сүйене отырып, қазақтардың өткен және тәуелсіз Қазақстанның алғашқы онжылдықтардағы діни өмірінің көрінісі сипатталған [19]. С.Әжіғали Арал-Каспий көшпенділерінің мемориалдық және культтік сәулет өнері туралы зерттеулері де қазақ жеріндегі діни ағартушылық жайлы мол мәлімет береді [20].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі діни ағартушылық тарихнамасына тоқталып, біршама еңбектерге қысқаша шолу жасадық. Әр еңбекте қазақ жеріндегі діни-ағарту ісінің қалыптасуы, дамуы, мектептер мен медреселердегі оқыту жүйесі, патшалық Ресейдің мұсылман халықтарының ағартушылығына деген көзқарасы мен түпкі саясатын революцияға дейінгі және кеңестік зерттеулердегі қарастырылған. Ал, революцияға дейінгі жазылған этнографтардың еңбектеріндегі мәліметтер сол қоғамның мәдени-рухани, әлеуметтік өмірінен мол мәліметтер береді. Қазіргі таңда, қазақ жеріндегі діни ағартушылық ісінің қалыптасуы мен даму тарихын зерттеудің ғылыми да танымдық маңызы орасан зор болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Стурова М.В. Мусульманские школы Степного генерал-губернаторства: вопросы корректировки содержания образования для казахского населения в 80-е гг. XIX – начала XX вв. // Труды молодых ученых Алтайского государственного университета. 2014. № 11. 68 – 73 б.
2. Алекторов А.Е. Из истории образования среди киргизов Акмолинской и Семипалатинской областей // Журнал Министерства народного просвещения. 1905. № 12; он же. Материалы для истории изучения быта и истории киргизов. Оренбург, 1892; он же. Очерки из истории инородческого образования в России // Журнал Министерства народного просвещения. 1904. № 7.
3. Валиханов Ч. Ч., «Следы шаманства у киргизов», Санкт-Петербург, тип. Гл. упр. Уделов, 1904, 619 б.

4. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4 – Алма-Ата, Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985, 2-е изд. доп. и переработанное, 416 б.
5. Ильминский Н.Н. Воспоминания об И. Алтынсарине. - Казань, 1891. - 396 е.; Он же. Письма Николая Ивановича Ильминского. - Типо-Литография Императорского университета, 1895.-414 е.; Он же. К истории инородческих переводов. - Казань, 1884.-40 б.
6. Сафаров Г. Колониальная революция: (Опыт Туркестана). - М.: Государственное издательство, 1921. - 148 б.
7. Беннингсен А. КСРО-дағы мұсылмандар. – Париж, 1983. – 79 б.
8. Васильев, А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние / А.В. Васильев. - Оренбург : Типо-лит. Жарикова, 1896. - 224, 72 с., 3 л. прил. на вкл. л. - (Издание Тургайского Областного статистического Комитета).
9. Красовский М. Область сибирских киргизов. ч. 3 / сост. Ген. штаба подполковник Красовский. - 1868. - II, 264 с., 3 л. табл., 2 л. к. – Приплетено к: [Том 16], часть 1.
10. Құдайбердиев Ш.(1858-1931). Түрік, қырғыз, қазақ және хан әулеттерінің тұқымы / Шәкәрім Құдайберді-ұлы; Б.Қайырбековтің аудармасы. – Алма-Ата: Жазушы: «Дастан» БК, 1990. – 117.
11. Асфендияров С. Шығармалар. Төрттомдық шығармалар жинағы. Санжар Асфендияров. / - Алматы: «Ел-шежіре», - 2014. 3-т., 408 б.
12. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии // Сочинения. М. : Наука, 1968. Т. V. 19 – 192 б.
13. Орталық Еуразия халықтарының діни өмірі. М., 2012. 336.
14. Ислам және халық мәдениеті. М., 1998. 260 б.
15. Сәбитов Н. Қазақтар арасындағы мектептер мен медреселер (Тарихи-педагогикалық очерк). Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1950. 44 б.
16. Тәжібаев Т.Т. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан ағарту ісі мен мектептері. Алматы: Қазмемполитиздат, 1962. 507 б.
17. Сұлтанғалиева А.Қазақстандағы ислам: тарих, этникалық және қоғам. Алматы, 1998.
18. Мец А. Мұсылмандық Ренессанс. М. : ВиМ, 1996. 544 б.
19. Мұстафина Р.М. Ислам діні және қазақтардағы исламға дейінгі дүниетанымдық дәстүрлердің жәдігерлері. Астана, 2010. 260 б.
20. Әжіғали С.Е. Көшпелі сәулет. Еуразия тарихы мен мәдениетінің феномені (Арал-Каспий аймағының ескерткіштері). Алматы: Ғылым, 2002. 654 б.

ӘОЖ 93/94

ТОҚЫРАУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУЫ: ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН СӘТСІЗДІКТЕРІ

Берікқызы Әсел

berikovaasel0@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ерменбаева Г.К.

1964 жылдың қазан айында жүзеге асырылған аппараттық партиялық төңкеріс "Хрущев онкүндігінің" қайшылықты ізденістері мен күрестеріне, үміттері мен жоғалған иллюзияларына толы финалға айналды. Л.И. Брежнев басқарған партиялық-мемлекеттік иерархияның жаңа көшбасшылары социалистік экономиканы қалпына келтіруге кірісті. КОКП ОК-нің наурыз және қыркүйек айларында (1965 ж.), сол жылдардағы газеттер жазғандай, "экономикалық механизмді жетілдіру бойынша тарихи директивалар қабылданды" [1, 256 б.]. Соған қарамастан, реформалар экономиканың белгілі бір "толқуын" тудырды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің орташа жылдық өсу қарқыны өсті, динамика жалпы өнім мен ұлттық табысқа тән болды, еңбек тиімділігі артты. Сегізінші бесжылдық жылдарында (1966-